

**Ордабасы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 24 қарашадағы № 19/2 " Ордабасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 68/7 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қазанда № 5830 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 12/1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 19.02.2024 № 12/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ордабасы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 24 қарашадағы № 19/2 " Ордабасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4320 тіркелген, 2017 жылғы 29 желтоқсанда "Ордабасы оттары" газетінде және 2017 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

6	Емханалар	1 келіп кету	0,02
---	-----------	--------------	------

"реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:"

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
---	---	--------------	-----

"реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:"

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,5
---	--	-----------------	-----

"реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:"

10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,26
----	---	-----------------	------

"реттік нөмірі 14 және 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:"

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	1,2
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	1,4

"реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын."

2. "Ордабасы ауданының маслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Түркістан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Ордабасы ауданының маслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық маслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық маслихат хатшысы*

*Қ. Досым  
Б. Садвахасов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК